

Шығыс Қазақстан облысының Көкпекті ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 қарашадағы № 313 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 16/185-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 желтоқсанда № 5373 болып тіркелді

Р К А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 3, 8 және 11-баптарына сәйкес, "Көкпекті ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышына өзгерістер енгізу туралы" бірлескен Көкпекті аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 6-5/3 шешімі және Көкпекті ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 306 қаулысының негізінде, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шығыс Қазақстан облысының Көкпекті ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) келесі елді мекендер таратылсын және есепті деректерден шығарылсын және басқа қоныстар санатына жатқызылсын:

Теректі ауылдық округінің Өрнек ауылы;

Теректі ауылдық округінің Каменка ауылы;

Теректі ауылдық округінің Қызыл-Жұлдыз ауылы;

Биғаш ауылдық округінің Қарғалы ауылы.

2) таратылатын ауылдардың аумақтары:

Теректі ауылдық округінің Өрнек, Каменка және Қызыл-Жұлдыз ауылдары шекаралары өзгертіле отырып, Теректі ауылдық округінің Теректі ауылдарының құрамына ;

Биғаш ауылдық округінің Қарғалы ауылы шекаралары өзгертіле отырып, Биғаш ауылдық округінің Комсомол ауылдарының құрамына енгізілсін.

2. Осы шешім және қаулы олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыс әкімі

3. Камасова

Д. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК